



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 6B01515-География-туризм

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Қазіргі география ғылымдары саласында пәндік дайындығы жоғары, жалпы кәсіби, коммуникативтік және сандық құзыреттілігі бар, білім беру және оқу үдерісін ұйымдастыруға қабілетті, педагогикалық салада кәсіби қызметті жүзеге асыратын география мұғалімдерін дайындау.

## КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

Инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдарды пайдалана отырып географияны оқыту және білім алушыларды тәрбиелеу

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН 1** - пәннің алға қойған оқу мақсаттарына сәйкес заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып оқу іс-әрекетін құрастырады (ұйымдастырады);

**ОН 2** - білім алушылардың зияткерлік даму дағдылары деңгейін арттырады, балаларды креативтілік пен инновациялылыққа үйретеді;

**ОН 3** - білім алушылардың дара ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін өздігінен пайдалана алады;

**ОН 4** - әртүрлі деңгейдегі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дара ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық технологияларды пайдалана алады;

**ОН 5** - географияның теориялық және зерттеу негіздерін және онымен байланысты (биология, химия, физика, экология, туризм, экономика негіздері және т.б.) пәндерден алған білімдерін, оларды оқыту технологияларын қолдана алады.

**ОН 6** - оқушылардың пәндік дағдылары мен біліктерін және географияға деген қызығушылықтарын қалыптастырудың әдістерін қолдана алады;

**ОН 7** - географиялық зерттеу (зертханалық, практикалық, демонстрациялық, компьютерлік) бойынша бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерін талдауды көрсетеді;

**ОН 8** - шолу және тақырыптық экскурсияларды дайындау технологиясын, ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемесін меңгеру, туристік-рекреациялық зоналарда географиялық зерттеулер жүргізу;

**ОН 9** - этномәдени және конфессиялық айырмашылықтар мен қоғамның әлеуметтік-мәдени құрымылымының ерекшеліктерін ескере отырып, көпмәдени ортада туристік қызметті ұйымдастырудың тәсілдерін меңгеру.